

**Атырау облысы, Қызылқоға ауданы,**
**Қоныстану селосы,**
**Жаңашаруа қазақ орта мектебі,**
**ашық сабақ (9-сыныбы)**
**география пәнінің мұғалімі**
**Қабдол Гүлшарида Аманғалиқызы.**

# Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы

Сабақтың тақырыбы:

Батыс Қазақстанның шаруашылық географиясы

# Сабақтың мақсаты:

**білімділігі:**

Батыс Қазақстан экономикалық ауданының шаруашылық географиясы , өнеркәсіп тораптарына, көлік кешені туралы мағлұмат беру;

**тәрбиелігі:**

Оқушылардың өз бетімен жұмыс қабілетін дамыту, қызығушылығын ояту, логикалық ой-өрісін дамыту, туған елге, жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;

**дамытушылығы:**

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту,
Өз елін жете тани білуге қызығушылығын ояту,
Картамен жұмыс жасау белсенділігін арттыру;

Сабақтың әдісі:

Аралас сабақ

Сабақтың түрі:

Тірек сызбалар арқылы жаңа сабақты меңгерту

Көрнекілігі:

Интерактивті тақта, кескін карта,
жетондар, парақшалар

# Сабақтың жүру барысы:

| | |
|---|---|
| I.Ұйымдастыру | Оқушылармен сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу, олардың даярлығын |
| II.Үй тапсырмасын тексеру | Батыс Қазақстан экономикалық ауданының орналасқан облыстарды |
| III."Мағынаны ажырату" | Жаңа тақырыпты тірек сызбаларын пайдалана отырып түсіндіру |
| IY.Бекіту | Әр түрлі тапсырмалармен жұмыс |
| Y."Ашылмаған құпиялар" | Сөзжұмбақ |
| YI.Қорытынды | Хронологиялық кесте |
| YII.Үйге тапсырма | 25- тақырып, кескін картаға өндіріс орталықтарын түсіру, “ұқсастық пен даралық” |

# "Кескін картамен жұмыс"

(кескін картаға Батыс Қазақстан экономикалық ауданның орналасқан облыстарды анықтап, қай облыста мұнай көп?)



# "Кестемен жұмыс"

(Батыс Қззақстан облыстары халқының орташа тығыздығын табыңдар)

| Облыс | Ауданы, мың км/кв | Халқы мың адам | Халқының тығыздығы, адам км/кв | Қала/ауыл халқы, мың адам | Урбан-далу деңгейі% |
|---|---|---|---|---|---|
| Ақтөбе | 301 | 696 | | 375/304 | |
| Атырау | 119 | 481 | | 262/202 | |
| Батыс Қазақстан | 151 | 613 | | 262/344 | |
| Маңғыстау | 166 | 391 | | 275/87 | |

# III. "Мағынаны ажырату"

## Жаңа сабақ

1. Шаруашылығы
2. Өнеркәсібі
3. Ауыл шаруашылығы
4. Көлік кешені

# Өнеркәсіп

**Отын-энергетика (Мұнай, газ АЭС)**

Мұнай кен орындары- Атырау, Доссор, Мақат, Теңіз, Қаражамбас, Қаламқас,Прорва, Қашаған т.б
Газ кен орындары- Қарашығанақ
Газ өңдеу- Жаңаөзен
Мұнай өңдеу- Атырау, Ақтау –
АЭС- 350 кВТ
Ақтөбе- ферроқорытпа

**Машина жасау**

Атырау- машина жасау
Ақтөбеде- рентген аппаратурасы
Оралда- механикалық Арматура, мия, кеме жөндейтін зауыттар бар

**Химия**

(лак-бояу, пластмасса, поиэтилен, хром тұздары)
Ақтөбе-лак-бояу, Пластмасса, химия, Хром тұздары
Ақтау-тіс пастасы
Атырау- полиэтилен

**Тамақ**

(балық, ұн тарту,нан пісіру,)
Атырау-балық өндіру, өңдеу комб.
Баутино, Балықшы- балық-консерві зау.
Батыс Қазақстан, Ақтөбе-ұн тарту, нан пісіру кәсіпорындары бар

**Жеңіл**

(тері-тон, киіз басу, былғары, аяқкиім, тігін тігу)
Орал-киіз байпақ,тері фабрикасы жұмыс істейді.

# Ауыл шаруашылығы

**Мал- (жетекші саласы)**




**Егіншілік**

(жаздық бидай, тары, арпа дақылдары, қант қызылшасы және күнбағыс)
Тары- Ақтөбе
Жаздық бидай – Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында

# Көлік

Темір жол

Қ ұб ы р

Автомобил
ь

Өзен

Теңіз

Ә у е

# Батыс Қазақстан шаруашылығының маманданған салалары

**Мұнай- газ химиясы.**
**Балық өңдеу,**
**етті-жүнді қой**
**шаруашылығы.**

# IY.Бекіту

"Жұмбақтас" **(Әр түрлі тапсырмалар орындалады)**

**“Балық аулау” ойыны**

# "Сәйкестігін табыңдар"

| Сөз | Мәні | Жауабы |
|---|---|---|
| 1. Жаңаөзен | а) Пластмасса зауыты | |
| 2. Баутино | Б) Арматура зауыты | |
| 3. Ақтау | В) Газ өңдеу өнеркәсібі | |
| 4. Атырау | Г) Ферроқорытпа зауыты | |
| 5. Орал | Д)Мұнай газ өнеркәсібі үшін машиналар шығаратын зауыт | |
| 6. Ақтөбе | Е) Балық-консерві комбинаты | |

| Сөз | Мәні | Жауабы |
|---|---|---|
| 1. Атырау | а) Тіс пастасын шығаратын зауыты | |
| 2. Орал | Б) Рентген аппаратын шығ. зауыты | |
| 3. Ақтау | В) Мұнай өңдеу, полиэтилен өндіру | |
| 4. Доссор | Г) Киіз байпақ фабрикасы | |
| 5. Қарашығанақ | Д)Мұнайдың 1-ші ашылған кен орны | |
| 6. Ақтөбе | Е) Ірі газ кен орны | |

# "Бұл қай экономикалық аудан"

**(кескін құрастыру)**

# "Тапқыр болсаң,тауып көр"

**(картадан географиялық обьектілерді тауып көрсетеді)**




*148-сурет.* Батыс Қазақстан

# Ү. "Ашылмаған құпиялар" Сөзжұмбақ




1.Ақтауда өндірілетін негізгі құрылыс материалдарының бірі.

2.Каспий теңізі мен Жайық өзенінде өсірілетін бағалы кәсіптік балық.

3.Хром тұздарын өндіретін зауыт орналасқан қала.

4.Қазақстандағы ең алғашқы табиғи газ өнеркәсіптік кен орны.

5. 1911 ж бастап игерілген мұнай кен орны.

6. Батыс Қазақстан экономикалық ауданында мия зауыты орналасқан қала.

7. АЭС – қандай отын түрімен жұмыс жасайды.

8. Қазақстандағы ең көне мұнай өңдеу зауыты орналасқан қала.

9. Маңғыстау түбегіндегі маңында газ өңдеу зауыты бар газ кен орны.

10.Балық- консерві өндірісінің орталығы.

# YI.Қорытынды

| Мамандырылған саласы | **Көмекші салалары** | **Халыққа қызмет ететін салалары** |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан республика шаруашылығында ерекше орын алатын мұнай-газ өндіретін және өңдейтін, сонымен қатар газ, хромит, никель, ферроқорытпа, минералды тыңайтқыштар, балық өңдеу, етті-жүнді қой шаруашылығы | Мұнай өнеркәсібі үшін құрал-жабдықтар жасайтын машина жасау. Электр энергетикасы | Жеңіл және тамақ өнеркәсібі, халықты азық-түлікпен, киіммен, мәдени тұрмыстық заттармен қамтамасыз етеді. Білім беру, денсаулық сақтау |

Біздің еліміз-Қазақстан Республикасы табиғи қорларға бай ел. Олай болса, қазақ жерінің байлығын бағалайтын, табиғатын аялайтын ұрпақ тәрбиесі мен біліміне көбірек көңіл бөлу-
қызіргі өмір талабы. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев
өзінің жолдауында “Болашақ 2030 жылдың жастары- бүгінгі мектеп партасында отырған оқушылар”деген болатын. 2030 жылдың
жастары білімді,ұшқыр ойлы, таудай талапты, ақпараттық технологиялармен
жұмыс жасай білетін, жігерлі мақсатты, алғыр болуы керек.

# ҮII. Бағалау

## ҮIII.Үйге тапсырма

25- тақырып. Кескін картаға өндіріс орталықтарын түсіру

"Ұқсастық пен даралық"



# Назарларыңызғы рахмет!

